

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 382-383

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ «БАСТАУ» ЖШС ӨСІРІЛЕТІН ҚҰЙРЫҚТЫ ҚОЙЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ СЕЛЕКЦИЯСЫ

Жұмажанов М.

Жұмыстың мақсаты. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі «Бастау» ЖШС өсірілетін жергілікті қазақтың қылшық жүнді құйрықты бағаналы тармағы қойларының бәсекеге қабілеттілігін еділбай зауыттық қошқарларын пайдалану арқылы жетілдірудің селекциялық әдістері мен тәсілдерін жасап, олардың өнімділік қасиеттерін жоғарлату жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеу.

Жұмыстың міндеті. Алға қойылған мақсат төмендегі міндеттерді орындау жолымен іске асырылды:

- селекциялық жұмыстардың бастапқы кезеңінде пайдаланылғын жергілікті қылшық жүнді құйрықты бағаналы тармағының қойларын отандық жоғары өнімді еділбай қой тұқымының зауыттық қошқарларын пайдалану нәтижесінде еттілік-майлылық қасиеттері мен тұқымдық-генетикалық мүмкіндіктерін (жоғары тірілей салмағы, тез жетілгіштік, еттілік-майлылық қасиеттері, жақсы дамыған дене бітімі мен пішін формалары) асылдандыру ісіне (іріктеу, жұптау тәсілдері және тұқымдық-генетикалық, экологиялық әртүрлілік) ерекшеліктерін тиімді пайдалану арқылы жоғары өнімді құйрықты қойлардың жаңа типін жасақтау [1].

Жұмыстың нәтижесі:

- көп жылғы селекциялық удерістерді кешенді түрде жүзеге асыру нәтижесінде Ақмола өңіріндегі қазақтың қылшық жүнді еділбай типті құйрықты қойларынан екі желісі селекциялық жетістік ретінде Қазақ республикасының Әділет министрлігімен Ауыл шаруышылығы министрлігіне қортындылары даярлануда;

- Атбасар ауданы «Бастау» ЖШС-де етті-майлы құйрықты қойларын инновациялық технологияларды пайдалана отырып дамыту нәтижесінде асыл тұқымды малдарының 28,0 пайызын элита класты, 44,4 %-ын бірінші класты, яғни 72,4 %-ын ұнамды типті қойлар құрайды[2]. Бұл көрсеткіштер 2000 жылмен салыстырғанда жоғары;

- серіктестіктің құйрықты қойлары өнімділік белгілері бойынша сұрыптау, олардың өнімділігін есепке алу, мақсатты түрде жұптау, ұнамды типті қойларды іріктеп алып, олармен жұмыс жүргізу сияқты селекциялық-асылдандыру жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Бұл шараларды селекциялық-асылдандыру жұмыстарының бекітілген келешек жоспарларына сәйкес жүргізілу қолға алынды[3].

Селекциялық топтағы аталықтардың орташа салмақтары (100,4 кг), аналықтарында 73 кг) және 1,5 жастағы тұсақтарында 60,6 кг.

Дене құрылымы индекстерін зерттеу құйрықты қойлардың дене пішін ерекшеліктерін онан әрі айқындайтын нәтижелер берді: дене тұрқы қошқарларда ұзындау (созыңқылық индекстері 104%, саулықтарда 109,4%, кеуделілеу (кеуделілік индекстері - аталықтарда тиісінше 67,9%, аналықтарда - 71,8%) келеді.

Малдың еттілік қасиеттерінің даму деңгейін көрсететін дене жұмырлығы мен салмақтылық индекстерінің мәндері біршама жоғары болды: тиісінше аталықтарда 130%; аналықтарда - 128,2%.

Ақмола өңірінің қылшық жүнді құйрықты қойларын еділбай тұқымы аталықтарымен жақсарта жетілдіру еділбай типтес қой табындарын құру жөніндегі селекциялық процесті жеделдетуді қамтамасыз етті және бұл отарлардың генетикалық құрылымын қалыптастыру ісіне негіз болды[4].

Қазиханов Р.а.ш.ғ. докторы, профессор, ғылыми жетекшісі

Әдебиеттер тізімі

1. Канапин К. Методы совершенствования курдючных грубошерстных овец Казахстана: автореф. ... докт. с.-х. наук: 06.02.01. - Новосибирск: СибНИПТИЖ, 1991. - 44 с.
2. Лушников В.П. Формирование мясной продуктивности овец. Овцы, козы, шерстное дело. - 1996. - № 2-3. – С. 26-27.
3. Плохинский Н.А. Биометрия. – М.:Изд-во МГУ, 1970. – 367с.
4. Kirton A.H.;Carter, A.H.; Clarke,J.N. et al. A comparison between 15 ram breeds for export lamb production. 1. Liveweights, body components, carcass components, carcass measurements and composition. New Zeal. Soc. Agric. Res., v.38, p.347-360, 1995.